

**Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КАБИНЕТ ТӨЛҚҰЖАТЫ**

ТӨЛҚҰЖАТ

Атауы: ҚР Еңбек сіңірген ұстаз Қ.О.Бітібаева атындағы оқу-әдістемелік кабинеті

Адрес: астана қаласы, А. Байтұрсын көшесі 25 үй.



Ашылған жылы: 2016 жылдың 1 тамыз № 251 бұйрығы

Оқу-әдістемелік кабинет жетекшісі: Адилбекова Жанар Советхановна

Жалпы ауданы: 88 ш.м

Оқу-әдістемелік кабинетінің жұмыс бағыты:

- Қ.Бітібаеваның оқу-әдістемелік тәжірибесін сақтау;
- Мұражайда жоспарлы түрде облыстық, республикалық, халықаралық семинарлар өткізу;
- Қ.Бітібаеваның озық тәжірибесін ұстаздардың пайдалануына мүмкіндік туғызу, ұстаз еңбегін үлгі ету;
- Қазақ тілі мен әдебиетінен берілетін білім сапасын арттыру;
- Ұстаздың іс-тәжірибесін зерттеу, жаңа деректермен толықтырып отыру;
- Оқушыларды да, ұстаздарды да ғылыми жұмыстарға баулу;
- Дарын көзін ашу, дарындылықты дамыту;
- Заман талабына сай әлемдік білім беру кеңістігіне ену кезеңінде жаңа формация мұғалімінің кәсіби шеберлігін қалыптастыруға ықпал ету.

Оқу-әдістемелік кабинет мақсаты: «Құрмет» орденінің иегері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің

құрметті қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Бүкілодақтық Крупская медалінің иегері, ІХ бесжылдық жеңімпазы, Қаз.ССР, СССР Ағарту ісінің үздігі, Моңғол Халық Республикасының «Даңқты ұстаз» атағының иегері, «Ы.Алтынсарин» төс белгісінің иегері, Республиканың «Ең үздік ұстазы», АҚШ-тың Аризона штаты, Тусон қаласының құрметті азаматы, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың құрметті профессоры, Семей Мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры, Қазақстан-Американдық еркін университетінің құрметті профессоры, Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының профессоры, Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының мүшесі Қ.О. Бітібаеваның туғанына 70 жыл және білім беру саласындағы қызметіне 45 жыл толуына байланысты ұстаздың аңыз өмірі мен еңбегін еске алу, ұлағаттау, ұстаздың артына қалдырған педагогикалық тәжірибесін, «Ой салу, ойланту» технологиясын тарату, ұстаздар тәжірибесіне енгізу, жаңа формациядағы ұстаздар қауымын қалыптастыруда маңыздылығын таныту, тәжірибесін тарату, ұжым ұстаздарының педагогикалық іскерліктерін жетілдіруге және оны жаңа білім мазмұны бойынша сапалы жағдайға көшіруге бағытталған шығармашылық белсенділігін дамытуға пайдалану, әдістемелік көмек көрсету, оқушылардың дарындылығын, әдебиетке деген құштарлығын арттыру, шығармашылық көзқарасты қамтамасыз ету

Міндеттері:

- алдыңғы қатарлы әдістемелерді, озат педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату, оқып, танысып, жүйелеу;
- педагогтарға ашық сабақ, әдістемелік материалдарды дайындауда, инновациялық бағдарламалармен технологияларды оқып енгізуде әдістемелік көмек көрсету;
- педагогтардың біліктілігін көтеруді жоспарлау мен ұйымдастыру;
- оқушылардың дарындылық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды мақсатты жүргізу және ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Ұстаздың педагогикалық тәжірибесімен, «Ой салу, ойланту» технологиясымен кеңінен танысады;
- Практикалық жұмыстар негізінде өз педагогикалық тәжірибелеріне енгізуге мүмкіншілік алады;
- Қ.О.Бітібаеваның «Ой салу, ойланту» технологиясы бойынша электронды Үздік сабақ жоспарлары мен бейне-сабақтар жинақталады.

Оқу-әдістемелік кабинетінде төмендегідей материалдармен қамтылған:

«Кабинет-кітапхана» бұл залда ұстаз қалалық, республикахалықаралық дәрежеде «шеберлік кластар», дәрістер, практикалық сабақтар өткізеді.

Кабинет Қ.О.Бітібаеваның ғылыми-тәжірибелік лабораториясының үлгісінде жасалды. Кабинет екі бөлмеден тұрады: бірінші бөлмеде – кітапхана,



оқушылардың сабақ барысында жұмыс жасауына мүмкіншілік жасалынған.



Екінші бөлме – «Ұстаздарға көмек» залы. Бөлмеде ұстаз еңбектері, еңбектерінен алынған көрнекілік құралдар, «Ой салу, ойланту» технологиясы, оқушылардың ғылыми-жұмыспен айналысуларына әдістемелік көмектер (газет-журналдар), дидактикалық материалдар, қосымша ғылыми деректер жинақталған. Сонымен қатар, ұстазға сыйға берілген естелік заттар (шапан, М.Өтемісұлының суреті тоқылған кілем) сынды құнды дүниелермен де толықтырылған.



